

"Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы кәсіпорындарының баспабас операцияларды жүзеге асыруы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 22 маусым N 523. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.08.26. N 807 қаулысымен. ~P980807

Өндірістің төмендеуіне жол бермеу, еңбекшілердің жұмыспен қамтылуын сақтап қалу мақсатында Қазақстан Республикасында Президентінің "Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі туралы" 1993 жылғы 9 наурыздағы N 1154 жарлығының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының кәсіпорындарына шетел фирмаларымен баспабас операциялар негізінде натрий триполифосфатын, фосфор қышқылын, аммофосты, аммофосфатты, трикальцийфосфатын, диаммонийфосфатын 1993 жылы экспортқа беріп тұруға рұқсат етілсін.

2. "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының кәсіпорындары аталған өнімдерді экспортқа беріп тұрғаны үшін кеден баж салығын төлеуді кеден баж салығының сомасына сай халық тұтынатын тауарлармен және дәрі-дәрмекпен жүзеге асыратын болып, оларды өткеру үшін Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігіне беретін болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі баспабас тауар алу, тауарлық үстеме бағаны ескеріп өткізу жөнінде үкімет бекіткен көлемде кеден баж салығын есептеу мен төлету тәртібін әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясымен заттай күйіндегі кеден баж салығының көлеміне шарт жасассын.

Аталған өнімдерді өткізуден түскен кеден баж салығы сомасына сайма-сай келетін кіріс сомасының тауарлар шығасысы және оны тасымалдау мен сақтау шығындарынан басқасы Республикалық бюджетке есептеледі.

5. Осы төлемнің бюджетке толық және уақтылы төленуін бақылау "Қаратау" акционерлік компаниясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

